



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ МҮДДЕСІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Тапекова Аяужан Асетовна

tapekova96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ның 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Даркенов Қ.Ғ.

Қытай Халық Республикасының Орталық Азия мемлекеттерінің мұнай және газ салаларына қызығушылығы өткен ғасырдың 90 жылдарында бастау алды. Сол кезде Бейжін Қазақстанға көңіл аударып, мұнайды Қытайға жеткізу жолдарын іздестіре бастады. Осы кезден бастап саяси мүдделермен қатар келетін, қытайлық энергетикада сонымен қатар жалпы экономикалық саясатта аймақтың маңыздылығы өсіп келуде. Сонымен қатар егер 90 жылдардың орта-соңында Қытайдың және қытайлық компаниялардың Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасының мұнайгаз сегментінде жобалық белсенділігі тек Қазақстанға негізделсе, ХХІ ғасырдың басынан бастап Бейжіннің қызығушылығы аймақтың басқа да мемлекеттеріне ашылды. Қытай Халық Республикасының қазіргі уақытта негізгі назары Қазақстан мен Түрікменстанның мұнайгаз саласына аударылған. Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның мұнагаз салаларында Қытайдың қатысуы оның энергетикалық сұраныстарына ғана байланысты емес, сонымен қатар бұл мемлекеттерде және аймақта өзге (экономикалық және саяси) мүдделерін орнату болып табылады.


Қазақстан

Дипломатиялық қатынастардың орнауынан бастап (3 қаңтар 1992 жыл) Қазақстан Республикасы Қытаймен негізгі экономикалық объект және ең алдымен Орталық Азияда энергетикалық мүдде ретінде қарастырылады. Бұл әсіресе 2000 жылдан кейін Қытай Қазақстанның мұнайгаз және өзге де қазақстандық энергетика (көбіне атом саласы) салаларындағы активтерді сатып алғанда байқалды. Сонымен қатар Қытай кредиттің негізгі бөлігі қытайлық компаниялармен өзімен игерілетін, белгілі бір жобаларды жеңілдікті шарттарда қаржыландырып, неғұрлым белсенді кредиттік саясат жүргізе бастады.

Бұның барлығы қазақстандық нарықта қытайлық сауда қатысуын әлдеқайда ұлғайтты. 2001-2008 жылдар аралығында ҚХР-нан тауар жеткізу 11,3-ке – 0,74-тен шамамен 8,4 млрд. долларға дейін, ал жалпы тауарайналым 1,25 тен 16 млрд. долларға дейін өсті. 2009 жылы жаһандақ қаржы-экономикалық дағдарыстың теріс ықпалынан қытай-қазақстандық сауда мөлшері бәсеңдеді (13,5 млрд. долларға дейін, 15,5 пайызға). Бірақ келесі жылдарда тауар айналым қайта арта бастады. Постсоветтік кезеңдегі қытай-қазақстандық сауда динамикасын келесі диаграммадан көруге болады (диаграмма №1)[1].

Диаграмма №1.

Қытайдың Қазақстанмен саудасы (1992-2014 жылдар кезеңі, млн.доллар)



Қазақстанның мұнай-газ саласында өзінің позициясын нығайтуға Қытаймен

бағытталған қаржылық ресурстардың 2015 жылдың басына келетін жалпы көлемі 43-тен 45 млрд. долларға дейін деңгейде саналады, ол 22-24 млрд. доллар – инвестицияны, шамамен 16 млрд. доллар – сатып алынған активтерді және 5 млрд. доллар – кредиттерді өзіне қосады. Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы мұнай-газ саласындағы Бежіннің қызығушылығын ең алдымен мұнай кенорындарын игеруі, қазақстандық мұнайды Қытайға тасымалдау мен оның табу мөлшерін ұлғайтуы, қазақстандық мұнай өнімдер нарығында қытайлық компаниялардың позициясын күшейтуі сипаттайды.

Біріншіден, өткен ғасырдың 90 жылдардың соңынан бастап Қытай және қытайлық компаниялар табандылықпен және дәйекті түрде Қазақстанның мұнай-газ саласында шетелдік және қазақстандық активтерді сатып алып, экспансиондық саясат жүргізіп отыр. Қытайдың қазақстандық мұнай-газ саласындағы басты жүргізіп келе жатқан саясаты мұнай табу көлемін ұлғайтуға (оны ҚХР-на экспорттау мақсатымен) бағытталған. Бұндай жағдайда қытайлық компаниялар үшін газ табу екінші кезекте : Бежінді Қазақстанға қарағанда Түрікместаннан газ транзиті қызықтырады. Қазақстандық мұнайды импорттауды ұлғайтуда, Қазақстан арқылы түрікмен газын транзиттауда Қытайдың қызығушылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасында қытайлық бағытта құбыр желілер жүйесін белсенді түрде құрылыс жүргізу Бежіннің басты приоритеті болып қала береді.

Екіншіден, қазіргі таңда Қазақстанда мұнай табылатын 1/4 бөлігі және қазақстандық мұнай өнімдері нарығында 1/5 бөлігі Қытай Халық Республикасының бақылауында. Осылайша қазақстандық мұнай-газ саласында мұнай және газ өткізу эксплуатация мен құрылыс жүргізуде Қытай нық позицияны ұстап отыр. Алайда, қазіргі таңдағы ақиқаттар тұрғысынан қарасақ, Қазақстандағы мұнан былай мұнай табу мөлшерін ұлғайту үшін Қытайдың мүмкіндігі бар ма екені белгісіз. Себебі, қазіргі кездегі қытайлық бақылауындағы мұнай-газ кенорындары азаю немесе мұнай табу мүмкіндіктердің ең жоғарғы деңгейіне шықты, ал ҚХР компаниялары мұнай желілер жүйесін салуда біршама мәселелерге тап болды.

Үшіншіден, қысқа және орташа мерзімді кезеңде Қазақстандағы мұнай-газ саласында қытайлық қатысуының сипаты мен масштабы айтарлықтай өзгермейді. Тек қазақстандық мұнай өнімдері нарығына қытайлық сауда компаниялардың ену үрдісінің қарқындауы осы жағдайда ерекшелік болуы мүмкін. Оған қоса, Қазақстанның өзі бұған қолайлы жағдайлар жасап отыр.

Келешекте қытайлық компаниялар «үлкен мұнайға» , осыған сәйкес «үлкен газға» қол жеткізе алуы ең алдымен Солтүстік-Каспийлік жоба аясынан тәуелді болады.

«Үлен мұнай»/«үлкен газ» іске асыру және қытайлық компаниялардың қазақстандық мұнай-газ жобаларында белсенділікті арттыру жағдайында Қытайдың қатысуы артып, Қытай Халық Республикасының энергетикалық және стратегиялық мүддесінде Қазақстанның маңыздылығы одан әрі арта түседі.

Сонда да, осындай жағдайда Қазақстанның мұнай-газ саласында қытайлық қатысудың қазіргі үлгісі айтарлықтай өзгермейді. ҚХР және қытайлық компаниялар үшін ҚР-нан көмірсутек шикізатын экспорттау бұрынғыдай басты мақсат болып қала береді. Бірақ көмірсутекті өңдеу қытайлық компаниялардың Қазақстандағы негізгі қызметі болып қалмайды. Қытайлықтар, сөзсіз, табиғи газды тазартудан, сұйытылған табиғи газды өндіруден қосымша қуаттылықтарды жасап шығарады. Бұған қоса, газ өңдеу көлемінің өсуі бойынша, Қытай және қытайлық компаниялар қазақстандық нарықта сұйытылған табиғи газдың тарату көлемін арттырмақ.

Бірақ бұл жағдай қазақстандық мұнай-газ саласындағы экспорттық-шикізаттық бағытын күрт өзгертпейді.

Егер қалағандай «үлкен мұнай»/«үлкен газға» шығу сәтсіз әрекетпен аяқталатын болса, Қытайдың мүддесінде Қазақстанның маңыздылығы, оның ішінде энергетикалық маңыздылығы бәсеңдейді, ал қытайлық тұтынуындағы қазақстандық мұнайдың үлесі төмендейді. Бірақ бұған қарамастан Қытай Қазақстанның мұнай-газ саласында әрі қарай өзінің қызметін жүргізе береді. Егер үлкен мұнай»/«үлкен газ» болмаған жағдайда,

Қытайдың Қазақстандағы қатысуы стратегиялық тұрғыға жүктеледі.

Қырғызстан

Екі ел арасында дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 5 қаңтарында, ал экономикалық (негізінен сауда) байланыстар КСРО ыдырағаннан кейін орнатылды. Бірақ 2008 жылға дейін Қырғызстан Республикасының мұнай-газ саласы Қытай Халық Республикасы тарапынан назардың объектінде болмады. Бұның себебі: мұнай және газ қорларының болмауы, экономиканың әлсіздігі, елдегі әлеуметтік-экономикалық және ішкісаяси жағдайдың тұрақсыздығы, сонымен қатар Бішкектің ҚХР-ның экспансиясының алдындағы үрейі. Қырғызстан Республикасының экономикалық жағдайы, оның ішінде мұнай-газ саласының әлсіздігін ескере отырып, Бежің 90 жылдар бойы, және келесі онжылдықтың басында бұл ортазиялық мемлекетпен үлкен емес масштабтарда ғана саудамен шектеліп, экономикалық байланыстардың дамуына көңіл бөлмеген.


Бірақ жаңа онжылдықтың ортасынан бастап, Қытай Қырғызстанды Орталық Азиядағы және жалпы посткеңестік кеңістіктегі сауда экспансия үшін плацдарм ретінде қарастыра бастады. Бұл өз кезегінде қытай-қырғыз сауда динамикасында әсерін берді: егер 2004 жылға дейін тауар айналым аз болса, келесі жылдарда оның көлемі артқан.

Егер, 1992-2004 жылдар ішінде Қытайдың Қырғызстанға жеткізілімдер жылына 26-100 млн. долларды болса, ал тауар айналымның өзі 30-125 млн.доллар, ал 2008 жылдың қорытындысы бойынша, қытайлық экспорт шамамен 1,2 млрд. долларды құрап, жалпы тауар айналым 1,4 млрд. долларға дейін өсті.

Қаржылық-экономикалық дағдарыстың әсеріне байланысты, 2009 жылы қытай-қырғыз тауар айналым алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе төмендеді. Алайда, келесі 2009-2014 жылдарда тауар айналым қайтадан өсе бастады. 2014 жылдың қорытындысы бойынша тауар айналым шамамен екі есе өсті: 0,8-ден 1,6 млрд. долларға. Постсоветтік кезеңдегі қытай-қырғыз сауда динамикасын келесі диаграммадан көруге болады (диаграмма №2) [2].

Диаграмма №2.

Қытайдың Қырғызстанмен саудасы (1992-2014 жылдар кезеңі, млн. доллар)



Баткен облысындағы мұнайлы аумақта ZhungnengCo. Ltd. қытайлық компания геологиялық барлау жұмыстарын бастаған кезде, Қырғыз Республикасының мұнай-газ саласына ҚХР енуі 2008 жылы басталды. Ал 2009 жылы басқа қытайлық компания ChinaPetrolCompanyZhongda Кара-Балта қаласында мұнай өңдеу зауыты құрылысын бастады. Кейінірек, 2013 жылы бұл салаға Қытайдың көңілі одан арта түсті. Себебі Бежің Тәжікстан мен Қырғызстан шекарасынан өтетін «Түрікменстан – Қытай» төртінші газ құбыры желісін салуға шешім қабылдады.

2015 жылдың бас жағы жағдайында қырғыз мұнай-газ саласына қытайлық қаржылық

ресурстар (негізінен инвестициялар) көлемі шамамен 390 млрд. долларды құрады.

Қырғызстанның мұнай-газ саласына ену, Орталық Азиядағы барлық мемлекеттерде ҚХР-ның экономикалық және саяси позициялардың күшейтуіне бағытталған, Бейжіңмен жүргізіліп келе жатқан «жұмсақ экспансияның» компоненттерінің бірі болып табылады.

Біріншіден, Қырғызстанның мұнай-газ саласы өзімен-өзі ешқашан Қытайдың назарында болмаған. Қырғызстанда негізінен мұнай және газ қорлары жоқ, ал елдің нарығы халық саны аз болғандықтан перспектива жоқ. 2008 жылға дейін ҚХР-ның бұл салаға деген қызығушылығы мүлде болмаған, 2008-2013 жылдар кезеңінде әлі де шамалы болды. 2013 жылдан бастап Бейжіңнің қызығушылығы артса да, ол көбіне мұнай-газ саласына ғана емес, өзге мүдделермен байланысты.

Екіншіден, «Д» желісі құрылысы бойынша – қытайлық локомотивтік жоба, Қытай Халық Республикасына тек газ саласы сегментін бақылауға алуға ғана мүмкіндік бере қоймай, сонымен қатар жалпы Қырғызстанда ықпалдығын күшейтуге мүмкіндік туады. Бір жағынан, Бейжің Қырғызстан Республикасында тұрақсыздық жағдайын болдырмауға мүдделі және билеуші режимін қолдап оның дұрыстығын қамтамасыз етуге тырысады. Басқа жағынан, Қытай Қырғызстанда ауқымды жобалық қызметті және посткеңестік кеңістікте сауда экспансия жүргізу үшін бұл елді плацдарма ретінде сақтап қалуда мүдделі. Негізінен қытайлық тауарлардың кері экспорты Қырғызстанның ЕБЮ-та мүшелік еткен жағдайда да мүмкін, мысалы, осы немесе басқа да делдал схемалардың қолдану арқылы.

Үшіншіден, келешекте, оның ішінде ұзақ мерзімде, Қытай Қырғыз Республикасында өнеркәсіптік көмірсутек табуды жүзеге асырмайды, оның үстіне оларды осы елден импортқа түсіру. Келешекте де Қытай Халық Республикасының негізгі назары Қырғыз Республикасының газ транспорттау сегментінде («Түрікменстан – Қытай» газ құбырының төртінші тармағын салу және пайдалану), және де егер Қара-Балта қаласындағы мұнай өңдеу зауытына қазақстандық немесе ресейлік мұнайды тұрақты жеткізу туралы мәселе шешілетін болса, Қытайдың назары мұнай өнімдері нарығына да түседі. «Д» тармағын пайдалануды енгізе отырып, Қытай өзінің компанияларына Қырғызстандағы ірі гидроэнергетикалық жобаларға қатысуға жол ашады. Өйткені, қыста үздіксіз газбен жабдықтау жағдайында, Қырғызстанға (сонымен қатар Тәжікстанға да) жаппай су қашыртуды (өздерінің ГЭС-да электр энергиясын өндіру кезінде) жүзеге асыру жаз кезеңінде тиімдірек және технология тұрғысынан ыңғайлырақ болады. Бұл Қырғызстандағы Сырдарияның су ресурстарынан негізгі бөлікті тұтынатын Қазақстан мен Өзбекстан мүдделеріне сәйкес келеді. Нәтижесінде Бішкек, Ташкент және Астананың арасында (Бейжіңнің араласуымен, мысалы ШЫҰ аясында) қырғыз ГЭС-ды өзара тиімді пайдалану режимін келісіп алу мүмкіндігі туады. Олай болса, Қырғыз Республикасында ірі гидроэнергетикалық объектілерді салуға жаңа перспективалар ашылады. Жинап келгенде Қытай тек қырғыз мұнай-газ саласының газ сегментін ғана бақылауға алып қоймай, сонымен қатар оның гидроэнергетикалық саласына да қол жеткізеді.

Тәжікстан

ҚХР мен Тәжікстан Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар КСРО-ның ыдырауынан – 1992 жылдың 4 қаңтарында орнатылғанына қарамастан, бұл Тәжікстанның мұнай-газ саласына да, оның жалпы экономикасына да Қытайдың назары аударылмады. ХХІ ғасырдың бірінші онжылдықтың ортасына дейін Қытай мен Тәжікстан арасындағы экономикалық байланыстар тек кеңінен тұтылатын қытайлық тауарлардың аз мөлшердегі жеткізілімдермен ғана шектелетін. Осылайша 1992-2003 жылдар кезеңінде ҚХР-ның Тәжікстан Республикасына экспорты жылына 15 млн. долларды ғана құрады. Ал сол кезде Тәжікстаннан қытайға импорты мүлдем болмаған. ХХ ғасырдың 90 жылдары және жаңа ғасырдың бірінші онжылдықтың басындағы қытай-тәжік экономикалық байланыстардың әлсіздігі, негізінен Тәжікстандағы азаматтық соғыспен, ал одан кейін – азаматтық бейбітшіліктің орнауы күрделі және ұзақ үрдіс болғанымен байланысты. Экономикалық қатынастарды күрделеткен тағы да бір айта кететін жағдай ол – екі елдің транспорттық


оқшаулануы. Тәжікстан Республикасы ҚХР арасында ортақ шекара (500 километрден артық) болса да, ол ұзақ уақыт бойы сауданың дамуына қол жетімсіз болды. Себебі шекара биіктаулы жер, және 2004 жылға дейін бұнда қандай да бір транспорттық инфрақұрылым болмаған. Нәтижесінде қытайлық тауарлардың жеткізілімі өзге елдердің шекарасынан өтті: Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан.

2004 жылдың соңындағы «Кульма» асуы арқылы ҚХР және Тәжікстан Республикасы арасындағы тікелей автожолдық қатынасының ашылуы, сонымен қатар тәжік экономикасын несиелендіру бойынша Бежіннің ынтасы Тәжікстанға қытайлық ену үрдісіне бастау салды. Бірақ Бежіннің белсенді түрде несиелендіру саясаты Тәжікстанның мұнай-газ саласын қозғамады. Алайда екі ел арасындағы тауар айналымының өсу динамикасына әсерін берді.

Осылайша 2004-2008 жылдар арасында Қытайдан Тәжікстанға жеткізілімдер көлемі үздіксіз өсіп, 2008 жылдың қорытындысы бойынша 646 млн. доллар, ал жалпы тауар айналым 755 млн. долларды құрады. 2009 жылы алдыңғы жылға қарағанда тауар айналым шамамен 40% төмендеген. Ол қаржылық-экономикалық дағдарыстың әсеріне байланысты. Бірақ келесі жылдарда сауда байланстар қайта қалпына келіп арта түсті. 2009-2011 жылдар кезеңінде тауар айналым 1,3 –ке өсті: 446-дан 575 млн. долларға дейін. Кейін 2011-2012 жылдарды саудада тоқырау және тауар айналымда біршама кему байқалды: 575-дан 552 млн. долларға дейін. Ал 2012-2014 жылдарда тауар айналым қайтадан 1,5-ке өсті: 552-ден 845 млн. долларға дейін. Постсоветтік кезеңдегі қытай-тәжік сауда динамикасын келесі диаграммадан көруге болады (диаграмма №3) [3].

Диаграмма №3.

Қытайдың Тәжікстанмен саудасы (1992-2014 жылдар кезеңі, млн. доллар)



Тәжікстан Республикасының мұнай-газ саласында қытайлық ену белсенділігінің басы 2013 жыл болып есептеледі. Осы жылы Қытай Ұлттық Мұнай газ Корпарациясы TethysPetroleumLtd. компаниясының активтер бөлігін сатып алып, мұнай және газ кенорынның «Бохтар» аумағындағы геологиялық барлау жұмыстарына қосылды. Дәл сол жылы қыркүйек айында ҚХР-ның төрағасы Си Цзиньпиннің Душанбе қаласына сапары барысында, Тәжікстан территориясынан өтетін «Түрікменстан – Қытай» газ құбырының төртінші тармағын салу жайында келісімге қол жеткізілді. 2014 жылдың сәуір айында «Дангара» еркін экономикалық аймағында мұнай өңдей зауытын салуға үкіметаралық келісімге қол қойылды. 2015 жылдың басында тәжік мұнай-газ саласындағы қытайлық қаржылық ресурстар көлемі 80-нен 130 млн. долларды құрады, оның ішінде 50-ден 100 млн. долларға дейін инвестициялар және 30 млн. доллар– сатып алынған активтер. Қытайлық жобалық қызметі өзіне мұнай және газ кенорны «Бохтар» аумағындағы геологиялық барлау жұмыстарын, «Түрікменстан – Қытай» газ құбырының төртінші тармағын салу бойынша тәжік аумағын төсеуді, «Дангара» еркін экономикалық аймағында мұнай өңдей зауытын салу бойынша жобаларды қосады. Тәжік мұнай және газ саласында, Тәжікстанның тәуелсіздік

алғалы 21 жыл өткеннен кейін ғана Қытай Халық Республикасының қатысуы басталғанына қарамастан, қысқа мерзімдік келешекте де бұл салада Қытайдың доминанттық позиция ұстануы мүмкін [4].

Біріншіден, тәжік мұнай және газ саласында Қытай Халық Республикасының өзінің позицияларын нығайтуы, тек энергетикалық және коммерциялық қызығушылықтармен ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімдік саяси және экономикалық мүдделермен анықталады. Бежінің негізгі саяси мүдделері: тәжік билеуші элитасында нық проқытайлықкурсын қалыптастыру, Тәжік Республикасын қандай да бір антиқытайлық альянсқа кіруін болдырмау, ел басының билігі ислам радикалдар қолына түсуін алдын алу.

Өз кезегінде Бежінің негізгі экономикалық мүдделері Тәжікстан Республикасының минералды-шикізат ресурстарына қытайлық компанияларға қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Оның ішінде советтік кезеңіндегі ашылған полиметалл кендерінің бай қорлары – Қытай үшін ең бағалысы. Нәтижесінде, Тәжікстан Республикасында Қытайдың көмірсутек саласындағы мүддесі шамалы болса да, Тәжікстандағы қытайлық саясатта мұнай және газ саласының рөлі артып келуде. Егер ҚХР Тәжікстанда мұнай және газ табумен айналыспаса да, осы елде газбен жабдықтауды (түрікмен газын тұрақты жеткізу жағдайында) және мұнай өнімдер нарығын (мысалға ирандық мұнайдың тұрақты жеткізу жағдайында) өз бақылауына алатын болса, Бежін Душанбеға мықты әсер ету тұтқасына ие болады.

Екіншіден, келешекте Қытай тәжік мұнай және газ саласындағы газ тасымалдау және өңдеу сегментінде, сонымен қатар мұнай өнімдері нарығында өзінің қатысуын арттырмақ. Бірақ мұнай және газ табу сегментінде қытайлық қатысудың күшею перспективасы анық емес.

«Бохтар» мұнай және газ аумағын өнеркәсіптік игеру мүмкіндігіне қарамастан, қазіргі кездегі тиімсіз баға конъюнктура жағдайында, жұмыс жүргізумен байланысты, жоғары технологиялық күрделілік пен қаржылық шығындар көмірсутекті табу тиімсіз болмақ. Осыны ескере отырып, Тәжікстанның мұнай және газ саласында ҚХР-дың қызметі «Түрқменстан – Қытай» газ тасымалдауының «Д» тармағын салу/пайдалануға және мұнай өнімдерді (ең алдымен импорттық мұнайдан) өндіруде және оны жергілікті нарықта жүзеге асыруға назар аударылады.

Үшіншіден, «Д» тармағын пайдалануға енгізуі және Түрікменстаннан Тәжікстанға газдың тұрақты жеткізілу байланысының орнауы Қытайдың қатысуымен аймақтық су-энергетикалық мәселелерді шешуге неғұрлым қолайлы жағдай жасап, сонымен қатар Тәжікстан Республикасының ірі гидроэнергетикалық жобаларына қытайлық компаниялардың қатысуына жол ашады [5].

Қазіргі кезеңде ҚХР-дың Орталық Азиядағы энергетикалық саясаты модернизация аясында жүйелік серпінге жету, әрі қарай тұрақты экономикалық өсімге және мемлекеттің жаһандық экономикалық күш центрінің біріне айналу үшін Бежінің стратегиясына қатаң түрде бағынған. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін, Қытай Орталық Азия аймағында жобалық қызметтерді қарқындату, инвестиция және несиелер көлемін көбейту есебінен, Орта Азия мемлекеттерінің экономикасында өз позициясын күшейту үшін саясатта ортаазиялық векторын одан әрі күшейтпек. Бұнда мұнай және газ саласы басты рөл ойнайды. Бежін бірте-біртеаймақты өзінің геоэкономикалық ықпалы орбитасына тартуға бағытталып отыр деп айтсақ та асыра сілтеу болмайды. Орта Азия мемлекеттерінің мұнай және газ саласындағы Қытайдың қатысуы екі мәнді болып көрінеді. Бір жағынан, Қытайдың бұл салаларға енуде біршама жетістіктерге жетті. Ал екінші жағынан, бұл ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасында тең құқылы және өзара тиімді қатынастардың құрылуына әлі де әкелмеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Источники: данные за период 1992-2001 годов – Азиатский банк развития со ссылкой на национальные статистические органы Казахстана; данные за период 2002-2014 годов – EconomistIntelligenceUnit со ссылкой на национальные статистические органы Казахстана.

2. Источники: данные за период 1992-2001 годов – Азиатский банк развития со ссылкой на национальные статистические органы Кыргызстана; данные за период 2002-2013 годов – EconomistIntelligenceUnit со ссылкой на национальные статистические органы Кыргызстана.
3. Источники: данные за период 1992-2001 годов – Азиатский банк развития со ссылкой на национальные статистические органы Таджикистана; данные за период 2002-2013 годов – EconomistIntelligenceUnit со ссылкой на национальные статистические органы Таджикистана.
4. Image by Flickr/MinaleTattersfield, North Point Kings Road, Hong Kong, Sinopec Oil Station (2008)
5. <http://caa-network.org/archives/5706>

ӨОЖ 303.625.25

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ташмагамбетова Мадина Тулегеновна

akka_maka@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану
мамандығының 2 – курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Даркенов

Бізді қоршаған тіршіліктегі құбылыстар мен оқиғалардың өзгеруі өздігінен себеп-салдарсыз болмайды. Ол белгілі бір объективтік заңдылықтар негізінде жүзеге асып жатады. Сол сияқты адамзатта дами келе объективті түрде көптеген әлеуметтік қауымдарға бөлініп кетеді. Солардың бірі этнос болып табылады. Этнос - бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірыңғай атауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдырлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады. Уақыт өте келе, әртүрлі факторларға байланысты, әсіресе жаһандану процессінің ықпалынан осы этностардың және олардың әлеуметтік, ғылыми, мәдени және тағыда басқада деңгейдегі өзара байланысы орнатылды. Соның айқын мысалы ретінде Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы дамып келе жатқан қарым – қатынастар жөнінде айтуға болады.

Корей Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы дипломатиялық қарым – қатынастардың орнағанына биыл 23 жыл толып отыр. Бүгінгі таңда екі ел әлемдік қауымдастықта бірін – бірі қолдап, тек қана экономикалық жағынан емес, саяси тұрғыдан да ынтымақтастығын белсенді арттырып келеді. Сонымен қатар, екі ел арасындағы көпірге айналған 100 мыңдаған қазақстандық корейліктердің арқасында біртіндеп қоғамдық, мәдениет, білім салаларындағы қатынас кеңейіп, дамып барады.

Қазіргі таңдағы қазақ – кәріс қарым – қатынастар өзінің бастауын сонау кеңестік уақыттан алады және бірнеше кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең. 1970 ж. ортасында басталады. Бұл уақытта КСРО елдерінің мекемелері мен Оңтүстік Корея компанияларының арасында тура емес сауда операциялары жүзеге асырылады. Бірінші кезең 1980 ж. дейін жалғасып, американдық, еуропалық және жапондық сауда фирмаларының делдалдылығымен болған экспорттық – импорттық келісімдермен шектеледі. Алайда, 1988 жылы Сеулде өткен Олимпиадаға кеңес үкіметінің делегациясының қатысуы КСРО мен Корея арасындағы ресми қарым – қатынастардың пайда болуына әкеп соқты. Кәрістердің көрсеткен сый – құрметі, қонақжайлылығы кеңес үкіметінің спортшыларына үлкен таңқалдырарлық әсер қалдырып, таныс емес мемлекетке деген қызығушылық тудырды [1].

Екінші кезеңнің бастауы 1989 ж. көктемде Сеулде КСРО – ның сауда – өндірістік палатасының, ал Мәскеуде Оңтүстік Кореяның сауда және ынтымақтастықты дамытуға